

Ақтөбе облыстық обаға қарсы стансасын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 шілде 1994 ж. N 758

Республикада аса қауіпті жұқпалы аурулар жөнінде күрделі эпидемиологиялық жағдайларға байланысты және аумақта эпидемиологиялық қадағалау мен санитарлық қорғауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне республиканың обаға қарсы стансаларына бөлінген адам саны шегінде штат саны 97 адамнан тұратын Ақтөбе облыстық обаға қарсы стансасын ашуға рұқсат етілсін.

Ақтөбе облыстық обаға қарсы стансасын ұстауды қаржыландыру Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтына аталған мақсатқа көзделген қаражатты қайта бөлу есебінен жүргізілсін.

2. Ақтөбе облысының әкімі облыстық денсаулық сақтау бөліміне

обаға қарсы станса үшін үй-жай мен жабдықтар, санитарлық автокөлік сатып алуға қаражат бөлуде көмек көрсетсін.

3. Шалқар бөлімшесінің Аралтеңізі обаға қарсы стансасынан 77 адам және белгіленген тәртіппен қажетті материалдық құндылықтар Ақтөбе қаласында жаңадан құрылған облыстық обаға қарсы стансасына берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі